

**ӘДЕБИЕТТАНУ**

УДК 82.0; 82.09

**СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ҰҒЫМЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕРІ****Ұ.Еркінбаев**

*Сулейман Демирел атындағы университет  
филол.ғ.к., доцент, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі*

**Резюме**

В статье рассматривается специфика исследования художественного текста в контексте мирового литературоведения. По утверждению автора структурализм, постмодернизм и семиотика являются тремя основными направлениями современного литературоведения.

**Ключевые слова:** Искусство слова, художественный текст, прагматический анализ.

**Summary**

The article reviews literary text investigation in the context of world literature research. The author states that structure semiotics and post modern investigations are three main trends of modern literature investigation.

**Keywords:** Сөз өнері, көркемдік ұғымы, прагматикалық анализ.

*Аңдатпа. Мақалада әлемдік әдебиеттану контексіндегі көркем мәтінді зерттеулердің ерекшеліктері қарастырылады. Автордың пікірінше структурализм, постмодернизм және семиотика қазіргі әдебиеттанудың негізгі үш бағыты болып табылады.*

Әдебиеттегі көркемдік категориясы ең алдымен, өнердің болмысынан келіп шығатын ұғым. Ал қазіргі техногендік сананың өнердің тамырына балта шауып [1], «өнерді жайлап өлтіріп жатқаны» мәлім [2]. Бұл өз кезегінде өнердің басты категорияларын қайта бағамдауға алып келді. Кез келген шарттылықтан тәуелсіз, ұлы мақсаттарды қолына шырақ етіп ұстаған көркемдік категориясы өнер туындысының өзегі болып табылады. Сөзді тану, әсіресе, көркем сөзді яки әдебиетті тану – ғаламның өзегіндегі аса нәзік үйлесімділік пен әсемдікті танудан бастау алып, тіршіліктің қарапайым заңдылықтарын ұғынуға дейін жалғасады. Сондықтан, кез-келген көркем дүниенің туу, жазылу, өмір сүру тарихы, ең бастысы оның өнер ретіндегі құндылығы – аса ауқымды мәселе. Көркем қажет етеді. Өнердің шартты заңдылықтары жоқ десек те, оны танудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл оқырман талғамымен, оның құндылықтар жүйесімен, көркемдік құпиясына қояр талаптармен тікелей байланысты.

Негізінде бұл мәселені талқылаудан бұрын *көркемдік* ұғымын айқындап алған жөн. Бұл ұғымды біз қалай түсініп келдік және қалай түсінілуі керек; қалай түсінгеніміз қисынды? Жалпы көркемдіктің өзіндік өлшемдері бар ма? Болса қандай? Неге көркемдікті біржақты түсіну соңғы кезде жиі орын алып жүр? Асылында сөз өнерінің де түпкі нәтижесі осы ұғымға қатысты емес пе?!

Романтикалық дәуір эстеттерінің бірі В.-Г. Вакенродер өнерді жер бетіндегі ұжмаққа теңеген: «Господь, верно, созерцает мироздание так же, как мы – творение искусства». Мұнымен қоса ғалым «Фантазии об искусстве» /М. 1977./ деген еңбегінде өнердің – адамның менмендігін шексіз асқақтататын сиқыры бар екендігін де тәптіштеп жазады. Көркемдіктің сыпатын ұғынуға талпыныс сонау антикалық дәуірден бастау алады. Көркемдік дүниесінің жалпы сыпатын Аристотель адамның танымдық һәм еліктеушілік қасиетімен байланыстырғаны белгілі. Еліктеушілік дегеніміз бұл жерде адамның білмекке құмарлығы. Бұл тұста басы ашық нәрсе ол, өнердің өзінен, қашанда білмекке құмарлықтың күші басым. Олай болса екеуі тең категория ма, басқалай болғанда білмекке құмарлықтың ішкі сатыларының бастауы қайдан деген де сұрақ шығуы ықтимал. Өнердің жалпы болмысына бас қатырған келесі бір ойшыл - Платон. Өнерге деген Платон көзқарасы Аристотельден өзгешелеу. Ойшылдың көзқарасы өнер ісі Құдайдан дегенге келетін гомерлік түсінікке жақын тартады да, соның негізінде ол өнердің «жұқпалылығы» («заразительность» искусства) деген категорияны алға тартады. Платонның пайымы бойынша ақынды Муза шабыттандырады да, ал ақын өз кезеңінде сол шабыт күшінің әсерін тыңдаушысына «жұқтырады», сөйтіп барлығы бірге ерекше Құдайлық шаттыққа бөленеді. Ондай шаттыққа бөленушілер таңдаулы ерекше адамдар болмақ. Солай болғанда платонша үлкен өнер бір құдіретті күш тарапынан беріледі де, кіші өнер түрлерін ғана «техне» көмегімен үйренуге болады.

Аристотель мен Платонның ойлары кейіннен қаншама теориялардың тууына негіз болды. Екі бағыттың бірін ұстанып, әрі еңбектеріне өз ойларымен де өң берген ғалымдардың қатары (Л.Толстой, Н.Буало, ағайынды Шлегелилер, ағылшын романтиктері У.Вордсворт, С.Колридж, Р.Саути беріректегі ағылшын өнертанушылары К.Белл, Р.Фрай, «семантикалық сыншылар» деп атап жүрген Ф.Уилрайт, Б.Кроче, философ Э.Кассирер, орыс ғалымы Вяч.В.Иванов, структуралист К.Леви-Стросс т.б.) кезең, уақыт талабы тұрғысынан дамып көбейіп келеді. ХХ ғасыр басында өмір сүрген теоретик ғалым А.Байтұрсынұлы көркемдік ұғымын *жан азығы* деп қарауды ұсынады. Көркемдік сөздің асылын білдіреді, демек әдебиетті *асыл сөз* деген дұрыс дейді [3, 6-19]. Бұл енді сөздің мағыналық әлеміне қатысты жай. Ал үлкен суреткер Ф.Достоевский:

«көркемдік деп көркем дүниені оқыған оқырман мұның идеясын дәл жазушының өзі түсінгендей деңгейде түсінуін айтамыз» дейді [4, 68-69]. Бұлай болғанда көркемдіктің: үйлесімділік, бүтіндік, белгісіздік, шығармашылық еркіндік пен кеңістік, өзгешелік, талғам деген ұғымдармен бірлікте екеніне көз жеткіземіз. Мұның барлығы көркемдік ұғымының өнердің өлшемдерімен бірлікте, мазмұны мен пішін үйлесімділігі арқылы жасалатынын түсіндіреді. Иә, шындығында да әдебиеттегі мәңгілік тақырыптар мен ұлы ұғымдар жүйесі міндетті түрде адамның санасына жететіндей, оларды еріксіз толқытып, рухына зәмзәм сусынындай әсер қалдыруы керек. Бұл көркем дүниенің құрылымы. Құрылым - баяндау тәсілінің нәтижесі. Ал баяндалатын жауһар ұғымдардың құрылымға бағынатын тұсы да осы болмақ.

Көркем туындының спецификасы шығыстық таным тұрғысынан рухани құндылық ретінде қарастырылады. Олай болғанда «кез келген шындық әуелі адамның рухында бір негіз ретінде пайда болады. Сосын ол «сезіледі». Содан соң сөзбен, қаламмен, басқа да құралмен жан бітіп, асылданады және нүкте-нүкте, сызық-сызық болып өнер объектісінде немесе бүтіндей бір өнер туындысы ретінде көрініс табады. Осындай туындының уақыт пен кеңістіктен тыс деңгейге көтерілуі толығымен сенім мен иманның ақиқаттың ақ жүзіне қаншалықты ынтық болуына байланысты» [5, 123]. Мәселе бұлай болғанда, көркемдік ұғымы – түпсіз терең таным теңізінің сан құбылған сұлу толқындары ғана болмақ. Ал сөз өнерін танудың барлық категориясын қамтитын көркемдік бірлік категориясы болса, әлгі таным теңізінің тағдыр қосқан жасыл жағалауының ролін ойнамақ.

Ал семиотикалық мектеп өкілдері мұның түпкі мақсаттық негізін екінші кезекте қарастырады. Семиотикалық танымның көркем туындыны талдауға қатысты ұстанымдарын алғашқылардың бірі болып «белгінің» үш негізгі сипатын американдық философ Чарлз Пирс айқындады. 1) белгінің белгіге қатыстылығы; 2) белгінің нені білдіретіне қатыстылығы; 3) белгі мен оны қолданатындардың ара қатыстылығы. Осыған орай, семиотика өз ішінде үш пәнге бөлінеді, олар: синтактика, семантика және прагматика [6].

Бастапқыда ғылыми айналымға жәй бір қатардағы көп теорияның бірі ретінде кірген семиотика, бүгінде гуманитарлық сала мамандарының үлкен қызығушылығын тудырып отырған ғылыми жүйеге айналды. Әдебиетті тану мен әдебиеттің теориялық сипатын саралайтын арнайы еңбектер мен оқу құралдарының бар екені белгілі. Олар өз кезеңінде әдебиетті саралайтын нақты категориялар мен терминдердің жиынтығынан тұрады. Мұндай категориялар жүйесінде семиотика – белгі мен бораз түрінде беріледі. «Кез- келген белгі білдірілетін және білдіретін зат пен

құбылыстың бірлігі, олар туралы ақпараттың иесі. Мәселен, біз көзбен көрмегенімізбен «арба», «стол» деген заттардың атын естеі отырып, ол туралы бір түсінік қалыптастыра аламыз. Белгідегі ең бастысы мағына мен оның көрінісі. Белгілер жүйесінде мағына ең үлкен әрі аса маңызды категория. Тіл де, тарихта, маххабатта бәрі-бәрі белгілер жүйесі» Олай болса белгі дегеніміз не? Белгі болудық шарттары қандай? Белгінің тәндік не жандық, не басқалай құндылықтар жүйесіндегі анықтамалық қасиеті бар ма? Бар болса оны қанлай тұжырымдармен дәлелдейміз? XIX ғасыр басындағы бірқатар философтар заттар мен белгілердің ара- қатынасын ажыратуға талпынған болатын. Мұның қиындығы сол, кейбір жағдайларда белгі болып ұғыналатын нәрселер басқа бір құндылықтар жүйесінде жай ғана қарапайым зат болуы мүмкін (мәселен, Құранды – Алланың сөзі деп қадірлеп қасиетті, күрделі ұғымдар мен белгілер ретінде де немесе жай көне кітәп ретінде де қарастыратындар бар) . Мәселен бұлай болғанда, жалын белгі деген ұғымды қарастыру түрлі ғылымдар жүйесінде әрбір жағдайға байланысты әрқалай болады. Демек, бұл семиотиканың нақты спецификалық нисаны жоқ дегенді білдіреді. Әлбетте, бұл жерде семиотика ғылыми немен айналысады? деген заңды сұрақтан туындайды. Осы мәселенің қыр-сырына үнілген семиотик ғалым Ц. Тодаров оған төмендегідей анықтама береді: «Здесь необходимо ввести родовое по отношению к понятию литературы понятие дискурса (discours). Это - структурная пара к функциональному концепту "употребления" (языкового) (usage). Почему необходимо это понятие? Потому, что языковые правила, обязательные для всех носителей языка, - это лишь часть правил, управляющих производством конкретной речевой продукции. В языке - с различной степенью строгости - закреплены лишь правила комбинирования грамматических категорий внутри фразы, фонологические правила, общепринятые значения слов. Между совокупностью этих правил, свойственных всем без исключения высказываниям, и конкретными характеристиками конкретного высказывания пролегает пропасть неопределенности. Эту пропасть заполняют, с одной стороны, правила, присущие каждому дискурсу в отдельности: официальное письмо составляют иным образом, нежели письмо интимное; а с другой - ограничения, которые накладывает ситуация высказывания: личность адресанта и адресата, условия места и времени, в которых возникает высказывание. Специфика дискурса определяется тем, что он располагается по ту сторону языка, но по эту сторону высказывания, т. е. дан после языка, но до высказывания». Ал өзі бастапқыда семиотик ғалым болып келген Е. Горный болса бұл ғылымның теориялық тіректерін түгелдей жоққа шығарады. Жоғарыда семиотиканың нақты нысандық тұрғыдағы зерттеу аясының трақсыз екенін сөз еттік. Енді

мұның субъектілік анықтамасын алалық. Е. Горный бұл тұрғыда төмендегідей сезімнің жетегінде кетсе де, толықтай негізсіз де емес анықтама береді : «Семиотика как наука институционализируется самими семиотиками. Знаком семиотической ориентации научной работы (которая может быть посвящена чему угодно) является использование принятой семиотической терминологии (знак, код, сигнификация, семиозис и т.п.) вкупе со ссылками на другие семиотические труды. Таким образом, определение по субъекту может звучать так: "семиотика - это то, что люди, называющие себя семиотиками, называют семиотикой"». Әлбетте, бір ғылымның негізгі теориялық тұжырымдарын түгелдей жоққа шығару үшін оны дәлелдеу керек. Және әрбір дәлелдің шынайылық дәрежесі мен ғылыми аппараты да үйлесім табу тиіс. Бұл тұрғыда Е. Горный өз зерттеуінде теориялық һәм практикалық тұрғыда салмақты дәлелдер келтіреді. Асылында семотика - мәселенің шынайылығынан гөрі сыртқы пішіндік сипатын саралайды. Құрғақ құрылымға «ұлы мағынаны» телиді. Әлбетте, бұл тұйыққа апарар тәсіл. Дегенмен мәселенің мәнін емес, сыртқы механизмін, прагматикалық (мұның өзі де шартты ұғым) тиімділігін айқындауда, семиотика таптырмайтын тәсіл екенін де айтуымыз керек. Семиотиканың – «белгілер жүйесі туралы ғылым» деген шартты анықтамасы бар екені белгілі. Дегенмен мұның нақтылығы бірқатар күмән туғызбай қоймайды. Ең алдымен, қазақ прозасының өзіндік сыпаты құрылымдық ізденістер аясында талдауларға түсе бастады. Көркем мәтіндегі структуралистік, семиотикалық белгілер, сол белгілерді қарастыратын тұжырымдар негізінде сараланды. Осының нәтижесінде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары орын алған пікірталастарда әдебиеттану ғылымындағы зерттеу тәсілдері мен бағыттарды алмастырып қолдану үрдісі байқалды. Бертін келе әрбірінің тақырып аясы нақтыланып әдеби бағыттардың көркем өнер мен ғылымдағы орны белгілене бастады. Өнерді танудың дәстүрлі тәсілдері мен жаңаша эксперименттік тәсілдердің арасындағы өзара бәсекелестіктер орын алды. Дәлірегі, бүгінде әлемдік әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық семиотикалық структуралистік, постмодернистік секілді бағыттардың әдістемелері ұлттық әдебиеттану ғылымында тың теориялық, аналитикалық талғау – талғамдармен толығуда. Шығарманың көркемдік табиғатына қатысты формалистік талдаулардың орнына көркем мәтіннің эстетикалық құндылығын бағамдайтын әрі мақсатты талдаулар келе бастады. Тәуелсіздіктің келуімен қатар әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тың тұжырымдарды саралап, олардың ұлттық сөз өнеріне берері бар ма, жоқ па деген мәселелерді қарастыруға мол мүмкіндік ашылды.

Қалай болғанда да біз сөз етіп отырған көркемдік категориясы әдеби шығармаға қызмет етеді. Себебі мұнда туындының түпкі нәтижесімен

байланыс бар. Көркемдіктің негізіне бару үшін осы байланысты басшылыққа аламыз. Кез келген көркем сөз үлгілерінің өзіндік жасалу жолы бар. Мұның бір қырын авторлық стратегия деуге болады. Авторлық стратегияның әуелгі қимылы, бірінші қадамы көркемдік бірліктің түпкі нәтижесіне бастайды. Соның шешімін береді. Стратегиялық көкжиек қаншалықты ауқымды болса көркемдік шешім де соншалықты зерделі болмақ. Стратегиялық көкжиек пен көркемдік шешімнің зерделілігі туындының өміршендігін айқындап береді. Себебі, өнер де, әдебиет те белгілі бір міндеттермен өмір сүреді, өнер тек өнер үшін емес, әдебиет те солай. Бұл тұрғыда көркемдік бірліктің негізін айқындау үшін соны белгілейтін көркемдік құндылықтар жүйесін белгілеп алуымыз қажет. Сонда ғана бұл ұғымның әдіснамасын қалыптастырып, әдебиеттанулық категориялардың бүгінгі және кешегі біржақтылығынан арылуға болады. Әлбетте, соңғысы өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін тақырып.

Бүгінде *әдебиет* ұғымының мағыналық шеңбері, яғни әдебиеттің ұлық міндетін айқындап беретін қарапайым анықтамасы үлкен пікірталас алаңына айналды. Қазіргі кең ауқымдағы мәдениетаралық диалог мәселесі де әлемдік гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі күрделі әдіснамалық өзгерістердің орын алуына сеп болуда. Мұның іс-тәжірбиелік жағымен қоса, теориялық жағы да бар. Сонымен қатар, сөз өнерінің орны бүгінде өзіндік бесаспап гуманитарлық маңызға ие болып отыр. Себебі, көркем сөзді жеке құбылыс ретінде қарастырудың теориялық байламдары – эстетика, логика, өнер теориясы, діндер тарихы, философия, мәдениеттану, антропология мен тарихи процесс, құрылымдық лингвистика мен математикалық логика секілді ғылым салаларымен тікелей байланысты. Ал, әдебиеттің ғылыми анықтамасына қатысты пікір жарыстардың барлығы да оның әу бастағы түпкі міндетінен гөрі екінші кезектегі міндетін негізге алатын секілді /Б.Томашевский, Р.Якобсон, Р.Барт, Цв. Тодоров т.б./. Бұл ретте біз көркем сөздің (әдебиеттің) болмысын анықтауда оның генезисіне үңілуге тура келетінін, яғни бүгінгі теоретиктердің алдында әдебиеттің болмысында эстетикалық һәм көркемдік шарттылықтардың қай кезеңдерден, және қандай өзгешеліктермен жүзеге асқанын айқындау міндеті тұрғанын меңзеп отырмыз. Көне мәтіндерден бүгінгі мәтіннің еншісіне не тиді? Көркем сөз неден ұтып, неден ұтылды? Қай жерде қай мәтіннің өрісі тарылып, қайсысының көкжиегі кеңейді? Әлбетте, бұл сұрақтардың жауабы арнайы, ыждаһатты зерттеуді қажет ететіні түсінікті. Біз бұл жерде сол арнайы зерттеуге кіріспе тұрғысынан ғана сөз қозғап отырмыз.

Сонымен көркемдік ұғымының басты белгілеріне қатысты белгілі бір тұжырымдар жасауға болады. Бұл негізінен көркем туындының құрылымдық, мағыналық және мәтіндік әлеміне байланысты болмақ. Яғни

көркем сөздің осы үш негізі әдебиеттің болмысын ашып береді. Сол себепті үш негізді дәлелдейтін материал ретінде мағыналық жүгі басым мәтіндерді алуға болады. Себебі адам жаны әсемдікті қалайтыны рас. Бірақ мұны «адам жаны әсемдіктің негізін қалайды» деп алғанмыз абзал. Адамзат тарихында көркем туынды аз жазылған жоқ. Олар өз деңгейінде түрлі идеялық және мағыналық мақсаттарға қызмет етті. Ал қазіргі жағдайда көркемдікке қойылар талап түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Қазіргі оқырман көркемдіктің прагматикалық яғни нәтижелік қасиетіне мән береді. Олардың том-том романдарды оқуға ешқандай мотивациясы жоқ. Мұны техногендік сана дейміз бе, әлде уақыттың талабы дейміз бе қалай болғанда да өнер дүниесіне деген көзқарастың нақтылыққа көшкенін мойындауға тиіспіз. Осы тұрғыда классикалық әдебиеттің орнын - көркемдіктің ішкі белгілерін емес, түпкі нәтижесін ғана беретін, мағыналық шеңбері өте кең, көлемі шағын мәтіндер алмастыруда. Бұл жерде біз Жаратушы тарапынан түскен қасиетті кітаптар мен адамзаттың ақырығы пайғамбарының с.а.у. хадистерін айтып отырмыз. Бұл шынайы дәйек. Бұған көзжұмбайлық жасауға болмайды. Бүгінгі саналы оқырман үшін экзистенциалистік бағыттағы том-том туындыларды оқығаннан гөрі оның нақты шешімін беретін дүниелерді оқыған тиімді. Мәселен, Ф.Кафка, А. Камю, Ж.П. Сартр шығармаларында пенденің осы жарық дүниенің, өмірдің мағынасын түсінуге деген сергелдені баяндалған. Ол туындаларда басты сипат мағына тереңдігі. Бірақ шешім жоқ. Ал мына хадисте: «Ақыретпен салыстырғанда бұл дүниенің мәні тек қана саусағыңызды теңізге батырып қайта шығарғанда саусағыңызда қалған су тамшысы секілді. Адам теңізден қаншасын қолымен ала алатынына қарасыншы?» деп екі ауыз сөзбен берілген. Дәл осы секілді «Амалдар ниеттерге қарай бағаланады», «Адам баласына тәубе есігі үнемі ашық» секілді хадистердің мағыналық негізін Данте, Сервантес, Толстой, Достоевский туындыларымен барабар қарастыруға болады. Жалғыз ерекшелік сол хадистерде өнер дүниесінде айтпақ ойдың түпкі нәтижесі берілгендігінде. Демек, көркемдік ұғымы, көркем әдебиет, дискурстық жүйе, көркем мәтін барлығы да ең алдымен сөздің мағыналық әлеміне қызмет етпек.

### Әдебиеттер

1. Маркузе Г. Одномерный человек. М., 1994.
2. Хайдеггер М. Работы и размышления разных лет. М., 1993.
3. Байтұрсынұлы А.. Әдебиет танытқыш. Қызыл Орда, 1926.
4. Достоевский Ф.М. Об искусстве. М., 1973.
5. Гүлен Ф. Ғұмырлық өлшемдер. А., 2008.
6. Пирс Ч. Начала прагматизма. М., 2000.
7. Логические основания теории знаков. М., 2000.